

«Қазығұрт аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК

ХАТТАМА №1

06 наурыз 2024 жыл

Қазығұрт елді мекені

«Қазығұрт аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК-да «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау мақсатында түсіндіру жұмысы туралы» кезектен тыс жиналысы.

Өткізілген орын: Қазығұрт аудандық орталық ауруханасының мәжіліс залы.

Өткізілген уақыт: сағат 16:00.

Қатысқандар:

Жиналыс төрағасы: Б.Сланов – басшы м.а.

Қазығұрт аудандық орталық ауруханасының әкімшілік бөлімінің қызметкерлері.

Хатшы: К.Алишева

КҮН ТӘРТІБІ:

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау мақсатында түсіндіру жұмысын жүргізу.

Т Ы Ң Д А Л Д Ы:

Жиналыс төрағасы, аурухана басшысы м.а. Б.Сланов кіріспе сөзбен жиналысты ашып, Сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті. Ұрпағымызға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу-олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсуіне және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар қызметіндегі тәртіп пен реттілікті нығайту жөніндегі шаралар туралы» №1550 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы қабылданды. Бұл Заңның мақсаты – азаматтардың құқықтары мен босандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу,

олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту. Сізден егер пара талап еткен жағдайда, бұл туралы құқық қорғау органдарына, бірінғай Call center 1424 телефон нөмеріне дереу хабарлау қажет. Бұл қазіргі заманның дерті, дертті жою үшін жеке тұлғалардың, сіздердің, тұтастай қоғамның басты міндеті мен борышы деп айтып өтті.

Әкімшілік қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдесіндегі Қылмыстық Кодексінің 361- 371 баптары және Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 05 шілдесіндегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 676-677 бабына сәйкес :

- 1) Өзіме міндеттелген функцияларды пайдаланып заңмен қорғалатын мекеме мүддесіне, беделіне зиян келтірмеуге;
- 2) Сыбайлас жемқорлықты алдын алу мақсатында яғни медицина қызметкері ретінде этика мен дентология қағидаттарын сақтауға, пациенттердің олардың әлеуметтік мәртебесі мен материалдық әл-ауқатына қарамастан объективті қарым-қатынасына немқұрайлы қарамауға;
- 3) Қызметтік бабын пайдаланып, өзіме не басқа адамдарға заңсыз материалдық сыйақыны, сыйлықтарды, бағалы қағаздар, өзге мүлік, мүлікке құқық немесе мүлік сипатындағы пайда түрде жеке өзім немесе делдал арқылы пара алуға жол бермеуге ;
- 4) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашасындағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының нормаларының сақталуын, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуін, сыбайлас жемқорлықтың орын алу жағдайын жасайтын фактілерге жол бермеуіне міндеттелетіндігін нақтылап өтті.

Егерде, мен аталған баптардың нормаларын сақтамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі мен Әкімшілік құқық бұзушылық Кодексі талаптарына сәйкес, **қылмыстық не әкімшілік жауапкершілікке тартылатындығым жөнінде қатаң ескертті.**

Жиналыс соңында сыбайлас жемқорлыққа қатысты барлық мәселелер жан-жақты талқыланып, мекеме қызметкерлері тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы Б.Сланов жиналысты қорытындылады.



Жиналыс төрағасы:

Б.Сланов

Хатшы:

К.Алишева